



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

5. Панкова Т.И. Элементы проблемного обучения при изучении органической химии. [Конференция] // Инновационные образовательные технологии и методы их реализации [Текст]: материалы научно-методической конференции 25-26 марта 2013 года. – Курский институт кооперации (филиал) БУКЭП. – Курск, 2013. – с 121-124.
6. Shernazarov I. Use of pedagogical, information and communication technologies, as well as interactive teaching methods in consolidating of organic chemistry lessons.// Section 8. Chemistry.-2016. – p. 66-69.

УДК 7.78

ДОМБЫРА ҮЙРЕНУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗАМАНАУИ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Амирхамзин Наурызбай Касенғалиевич,

педагогика және психология магистрі

өнер кафедрасының аға оқытушысы

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Көптеген оқу орындарында, ол институт, университет болсын, тіпті мектеп қабырғасы болсын, өзіміздің ұлттық мәдениетке аса көңіл бөлуде. Бұған дәлел, әр мектептегі домбыра, вокал үйірмелері, ақындар үйірмесі және т.б. жатқызуға болады. Қазіргі білім ордалары жастардан жан – жақты қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, дүниетанымы жоғары мәдениетті тұлға тәрбиеленуін қалайды. Осы орайда, балаларға музыкалық тәрбие беру – қоғам талаптарының бірі. Еліміздің қазіргі даму барысында балалардың домбыра аспабына деген қызығушылығы артуда. Ал домбыра үйренудің барша тәсілдерінің қазіргі таңда толық бір жүйеге келтірілмегендігі, өзекті мәселе ретінде музыкалық педагогика ғылымының зерттеу нысаны болып келеді.

Түйінді сөздер: музыка, домбыра, тәсілдер, музыкалық қабілет.

Аннотация

Во многих учебных заведениях, будь то институт, университет или даже школьная стена, особое внимание уделяется нашей национальной культуре. Об этом свидетельствуют домбровые, вокальные кружки в каждой школе, кружок поэтов и др. Современные образовательные учреждения хотят, чтобы из молодежи воспитывалась всесторонне сформированная, конкурентоспособная, с высоким мировоззрением личность. В этой связи музыкальное воспитание детей-одно из требований общества. В современном развитии страны растет интерес детей к инструменту домбры. А тот факт, что все подходы к изучению домбры в настоящее время не полностью систематизированы, является актуальной проблемой, является предметом исследования музыкальной педагогической науки.

Ключевые слова: музыка, домбра, приемы, музыкальные способности.

Abstract

In many educational institutions, be it an institute, a university or even a school wall, special attention is paid to our national culture. This is evidenced by dombra, vocal circles in each school, poets' circle, etc. Modern educational institutions want young people to be brought up to be comprehensively formed, competitive, with a high worldview personality. In this regard, musical education of children is one of the requirements of society. In the modern development of the country, children's interest in the dombra instrument is growing. And the fact that all approaches to the study of dombra are currently not fully systematized is an urgent problem, is the subject of research of musical pedagogical science.

Keywords: music, dombra, techniques, musical abilities.

Өткен жылдың ортасынан бастап тек қана біздің өлкеде ғана емес, барлық Қазақстан бойынша көп сұранысқа ие жаңа art-sport мемлекеттік бағдарлама дүниеге келді. Барламаға арнайы бөлінген қыруар қаржы аясында еліміздің түкпір-түкпірінен шығармашылық және спорттық үйірмелер ашыла бастады. Бағдарлама аясында балалар барлық үйірмелерге тегін қатысуға мүмкіндік алды. Онымен қоса, келер оқу жылынан бастап, еліміздің орта білім беру мекемелерінде музыка пәні бағдарламасына домбыра аспабын меңгеру сабақтары еніп жатыр. Осының бәрі, мемлекеттің өнерге деген, есіресе, қазақтың ұлттық аспабы домбыраға деген ерекше назарын білдіруде. Осы орайда домбыра үйренудің барша тәсілдері жаңа бір өмір бастағандай қайтадан тереңірек зерттеле бастады. Музыкалық білімі жоқ азаматтар мен азаматшалардың музыканың сандық тәсілі арқылы аз уақыт ішінде домбыраны меңгеру мүмкіндігіне жол ашу сандық тәсілді үйретудің негізгі мақсаты болып саналады.

Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй

тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра ежелде қазақтың тарихын баяндаған музыкалық аспаптардың бірі. «Әу демейтін қазақ жоқ» демекші домбыраны тарту әр қазақтың міндеті деп айтуға болады. Бүгінгі қорғағалы отырған тақырыбым осыған себепші болып отыр.

Қазақтың байырғы музыкалық аспабы – домбыраның құпиясы мол, ғылыми зерттеулер үшін әлі күнге шейін түрен түспеген тың өлке тәрізді. Қазақтың ұлы аспабын жан-жақты зерттеу ісіне өзінің саналы ғұмырын арнаған Жұмагелді Нәжімеденов домбыраны классикалық аспаптар қатарына қоюға болатындығын айтады.

Жалпы домбыра тартуды үйренудің үш тәсілі бар.

Біріншісі, дәстүрлі тәсіл - қолға қарап, көзбен көре отырып, жадқа тоқитын «құймақұлақтық» амалы. Екіншісі, халықаралық ноталық жүйе бойынша үйрену. Ал, үшіншісі- сандық жүйе тәсілі. Бұл - аяқ астынан ашылған жаңалық емес, шәкірттерге музыкалық аспапты меңгеру үшін Үндістан, Қытай, Пәкістан, т.б. шығыс елдерінде ежелден қолданылып келе жатқан әдіс.

«Қазақстанда бұрыннан белгілі осы әдісті кәдеге асырғанымызға біршама жыл болды. Осы уақыт ішінде сандық тәсіл бойынша домбыра үйретудің адам айтса сенгісіз нәтижелеріне қол жеткіздік. Мәселен, өмірінде қолына домбыра ұстап көрмеген шетелдік азаматтар бірер сағат ішінде күй үйреніп, жатық ойнайтын дәрежеге жеткендеріне өзгеден гөрі өздері таң қалды. Республиканың шалғай ауылындағы көптеген көркемөнерпаздар тобын санамалап жатпайақ, 2000 жылы Венгриядағы Қазақстан елшілігінің арнайы шақыруымен барып, мадия жерінде домбырашылар ансамблін ұйымдастырғанымды айтсам да жеткілікті болар. Ансамбль мүшелері бір апта ішінде домбыра аспабын еркін меңгеріп, еуропа композиторларының шығармаларына қоса Құрманғазы мен Тәттімбет күйлерін күмбірлете, құлшына тартқанда іштей тебіреніп, жан дүнием толқын атқан теңіздей толқығаны есімде. Сол сәттен бастап сандық тәсіл арқылы кез келген музыкалық аспапты, соның ішінде домбыраны - кәрі-жасына, лаузым-жұмысына, ұлты мен жынысына қарамастан – ынталы жанның бәріне үйретіп, шын мәнінде халықтық аспапқа айналдыруға болатынына анық көзім жеткен еді» деді Жұмагелді Нәжімеденов [1, 116].

Жұмагелді Нәжімеденов Атырау облысының Құрманғазы ауданы Қошалақ ауылында 1953 жылы дүниеге келді. 1976 жылы Атырау музыкалық колледжінің домбыра сыныбын, 1983 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияны үздік бітірді. 1998 жылдан ғылыми жұмыспен айналысқан. Жиырма кітаптың авторы. Халықтық музыканы ғылыми дәрежеге көтеруге аса зор үлес қосқан зерттеуші, профессор. 2012 жылдың 21 қазанында дүниеден озды.

Сандық тәсіл дегеніміз - домбыра үйренушіге алғашқы сабақтарда, яғни орындыққа отырғызу, қол қойылымы, дене мүшелерін жаттау кезінде сан жүйесімен берілетін перне, қағыс түрлері, белгіленуі т.б. алға қарай керекті мәліметтер теориялық түрде жатқа берілетін домбыра үйренудің ерекше тәсілі [2, 156].

Домбыра құрылысы. Сандық жүйеде аты жоқ перне белгіленбейді. 1-саны 2-ші пернеден басталады. Себебі, 1-ден бастау әрі ыңғайлы, әрі қазақ күйлерінің, әндерінің бәрі де ашық ішектен осында өтеді.

Бастапқы әзірде оң қол қағысы қорған тұсында жаттығып, шеберлік жетістігінде оң қол шығарма мазмұнына, қағысқа байланысты қозғалысқа келеді.

Сонымен сандық жүйенің өзге тәсілден қандай артықшылығы бар?

Біріншіден, дәстүрлі «құймақұлақтық» тәсілге қарағанда бұл ұзақ уақыт домбыра үйретушінің алдында телміріп отыруды қажет етпейді. Екіншіден, біреудің бармақ басуына, қол қағысына қарап үйренген адам бәрін бәз қалпында есіне сақтай алмай, күй қайырымдарын шатастырып, қате тартып дағдылануы ықтимал. Ал сандық тәсілде бәрі тайға таңба басқандай қағазға жазылып, талапкердің көз алдында тұратындықтан ондай қателіктерге жол берілмейді, нотаны санға айналдырып бергенде күй сазын бірден сауатты орындап үйренеді. Үшіншіден, домбыраны ноталық жүйемен үйрену тәсіліне қарағанда сандық жүйенің артықшылығы талапкердің арнаулы музыкалық сауаты болуы шарт емес, тек ынта - ықыласы болса жетіп жатыр. Әрине, «құймақұлақтық» қабілеттіңде, музыкалық сауаттылықтың да еш артығы жоқ. Өйткені, сандық жүйемен үйрену үрдісі ноталық жүйеден алынған, тіпті кейбір кәсіби ұстындары мен шартты белгілері ортақ. Сондықтан арнаулы музыкалық білімі барлар, кейде домбыраны тұңғыш қолына ұстаған «құймақұлақ» кісілер сандық жүйені тез ұғынып, бірден күй тартып кете алады. Бұған жарты сағатта күйді меңгеріп алған американдық Брент Дэвис пен шотландық Кейт Поттер, т.с.с азаматтардың тәжірибесін мысал қылуға болады.

«Қазақстан бұрыннан белгілі сандық әдісті домбырада кең көлемде кәдеге асырғанымызға біршама жыл болды. Осынау сандық тәсілді әркім өз түсінігімен пайдаланып, жүзеге асырып жүр. Бірақ, белгілі жүйеге келтіріп, дамытып, кітап қылып шығарғандар өте аз. Менің тәжірибемде осы жиырма жыл уақыт ішінде, сандық тәсіл бойынша домбыра үйретудің «адам айтса сенгісіз» нәтижелеріне қол жеткіздім десем, артақ айтқан болмаспын» дейді Жұмагелді Нәжімеденов [3, 216].

Жоғарыда атап өткеніміздей мұндай әдіс тез және оңай, екіншіден, ең тиімді жақтарын мысалға келтіріп өттік. Үйренуші нота жаттап уақыт өткізбейді. Домбыра үйренушіге алғашқы сабақтарда, яғни орындыққа отырғызу, қол қойылымы, дене мүшелерін жаттау кезінде сан жүйесімен берілетін перне, қағыс түрлері, белгіленуі т.б. алға қарай керекті мәліметтер теориялық түрде жатқа беріледі.

Домбыраның ең бірінші пернесі көп қолданым бермейді. Күйшілік мектепте бұл – аты жоқ, немесе түрікпен перне деп аталады. Бұл пернені есепке алмай, қазақтың негізгі пернесін (1) – деп белгілейміз. Үйренушіге 2-ші пернеден бастағаннан гөрі осы жол оңай екендігін тәжірибеден байқадық. Ашық ішек нөл – деп белгілейміз. Бастапқы әзірде үйренушінің алуына қарай астыңғы ішекте 1-ден 5-ке дейін, үсті ашық; 1-ден 10-дейін, үсті ашық, 1-ден 5-ке дейін екі ішекте қостап перненің сан жүйесі жатталады. Үйде, сыныпта жаттығуларда көрсетілгеніндей тапсырмалар орындалып жаттықтырылады. Сол қол саусақтары алғашқы сабақ негіздеріндегі жобамен қойылып, оң қол қағыс бағытына үйренгеннен кейін жеңіл әндерден бастаған абзал. Үйренушінің жас ерекшелігі, өскен ортасы міндетті түрде ескерілуі керек. Мазмұны түсінікті, күнделікті тынысынан, тұрмыстан, қоршаған ортадан болғаны дұрыс. Сонымен қатар әнде сөз, буын, әріп бар. Қай пернеге, қандай әріпке, буынға төмен, жоғары қағыс келетінін үйренуші тез ұғады. Әннің әуенін мазмұнға келтіруде де сөз көмекші болады және алғашқы кезеңдегі 180 санау қиындығынан құтқарады. Тағы бір тартымдылығы 1,3,2,4 жолдар әуенінің ұқсас болуы, пернеаралық алшақтық болмағаны абзал. Санның үстіне саусақ, қағыс белгісін алғашқы әзірде белгілемеген дұрыс, әуелі сан мен пернені оқып үйреніп, басқа белгілер біртіндеп қосылады. Осылайша небір күрделі деген күйлерді сан жүйесімен жеп жеңіл үйренген шәкірттердің талайы, құймақұлақ, нота жүйесін ешбір қиындықсыз алып кетті. Жалпы кейін музыка маманы болмай, өзі үшін үйренушілерге осыдан тиімді әдіс жоқ деп кесіп айта аламыз.

Қазіргі заманға сай біз ұялы телефонға қосымша құрылғыны өзімізге жүктей аламыз. Себебі әрбір адамның қолында өз гаджеты бар. Сіз кез-келген ұялы телефондағы Play market және App Store-дағы бағдарламадан тиімді бағамен немесе тегін жүктей аласыз. Кем дегенде құны 50мб тұрады. Оның артықшылығы нотаға қарамай қалаған күйді жаттап алуға болады.

Жоғарыда аталған барлық тәсілдерді ұстаздың көмегісіз қазіргі жастар видеосабақтар арқылы үйреніп жүр. Әрине, видео сабақ дегенде, ең алдымен, ғаламтор әлеміндегі youtube сайты аузымызға келеді. Оқытудың дәстүрлі әдістерінен видеосабақтардың бірнеше артықшылықтары бар. Олардың арасында негізгілері:

- оқу ыңғайлы уақытта үйде болуы мүмкін;
- материалды зерттеу қажетті ұзақ уақыт алуы мүмкін;
- сіз әрқашан сабақтың уақытын өзіңізге қолайлы сәтке жылжыта аласыз және де жабылған материалды, немесе жақсы ақпаратты қайтадан еске түсіре аласыз;
- фильмді қалаған уақытта тоқтатып, алған білімді тәжірибеде қолданып көруге болады;
- видео сабақтар арқылы оқу оқытушылары төлеуге, тренингтер мен сабақтар саяхат үшін біраз уақыт пен ақшаны үнемдеуге мүмкіндік береді;
- видеосабақтар - бұл білімнің дұрыс мөлшерін білу үшін, ойын-сауық қызықты, жеңіл және өте тез жолы болып табылады.

Домбыра, не болмаса, басқа да бір музыкалық аспапты меңгеру үшін де әр адамға есту қабілеті керек. Есту қабілеті дыбыс объектісін толық білмейінше, көзіне елестетпейінше беріле бермейтін қасиет. Дала баласының көргені, сезгені мен қала баласының таным-түйсігінде айырмашылық бар. Адам даусын, домбыраны естігенмен фортепиано дыбысын ажырата алмайтындар, болмаса керісінше жағдайлар көп. Есту қабілетінің түрлері көп. Ал, музыкалық есту дегеніміз құрамдас бөлімі өте күрделі ұғым. Мысалы, ең маңыздысы дыбыс биіктігін, мөлшерлік, есту (жоғары, төмен) ладтық, әуездік (жарқын, мұңды), оның ішінде, мақамды әуендік, көп дыбыстық, тембрлік және динамикалық есту (көптеген қалыптасқан сөздерді аудармауға тырыстық). Мұның қай-қайсы да музыка маманына өте қажетті маңызы бар. Кейде абсолюттік есту қабілеті бола ырғағы, есте сақтауы сәйкеспейтін кездер де жиі кездеседі. Сонда да мұны музыкалық дарындылығын көрсетеді деп есептейміз – ол сирек болса да бар.

Бірақ музыка мамандары арасында қалыптасқан ұғым бойынша бұл жай ғана мәдениет. Олар кейде жақсы естуі арқылы шығарманың дыбыстық қана құрамасын береді. Нағыз дыбыстық құбылыс олардан алыс нүкте-нүктемен жатады. Себебі дыбыс құдіреті жай ғана бір-бірінен кейін келетін дыбыс қатарлары емес, ол алыс аралықтарындағы тартылу заңдылықтары, олардың бір-біріне жымдасуы ең басты тіршілік осында. Сонда ғана ол ноталар тіріледі. Осылайша оқушыда абсолюттік есте болуы міндетті емес деп тұжырымдаймыз. Есту қабілетінің біз үшін тиімдісі – салыстырмалы есту. Салыстырмалы есту қабілеті бар адам – жоғарыда айтқан дыбыстың түрлерін, заңдылықтарын ажыратудың ең бір тиімді жолы.

Салыстырмалы естумен теңдес, бірінші, екінші деп бөлуге болмайтын қабілет іштей есту. Бұл өте-өте музыка маманына қажетті қасиет. Іштей естудің маңызды екі жағы:

- есте музыкалық елестердің, бейнелердің сақталуы үшін музыканы дәл қабылдаудың мәні зор (ол жеке орындаушы ма, ансамбль ме бәрі бір). Ішкі есту қаншалықты болса, соншалықты музыкалық дыбыстың биіктік, бояулық, әуездік барлық бүге-шүгесі анық қабылданады,
- орындаушының өз орындауын анық сезінуі. Бұл – нағыз дамылсыз, ыждағаттылық, тұрақтылықпен тәрбиелеуді керек ететін қасиет. Әр уақыт шәкірттерімізге өзіңді тыңдамайсың деп реніш білдіріп жатамыз – мұның себебі – 1-ші іштей сезінбеуден, екінші естімеуден, беталды ойсыз орындаудан;

- үйретуші әр уақытта мына жерін былай орында, ал мына қағысты, дыбысты алу жолы осылай деп көрсетулерін, сөйлемді анық ойна, мына тұстан аяқта т.с.с. сияқты деген бұйрық райларды көбейткенше бірден өзін естуге, дыбыс тазалығын, мазмұнды бояуын, қағыстың ерекшеліктерін естуге баулыған дұрыс.

Дәл анық қабылдау, елестетудің санадан тыс, еріксіз жұмысын үдетеді. Сондықтан әрбір музыкамен айналысқан адамға іштей сезіну, есту, құйма-құлақтық керек.

Қорыта айтқанда, болашақта біздің негізгі мақсатымыз, қала мектептерінде осы тәсіл кеңінен таралса, бірде-бір домбыра ойнамайтын қазақ болмас еді. Мұндай игі істі қазақ халқының ұлттық мәдениетін көтерудің бір қыры деп білген жөн. Жұмагелді Нәжімеденов ағамыз бастаған домбыра үйренудің сандық тәсілін дамыту арқылы, қазақ шығармаларының халық арасына кеңінен таралу мүмкіндігі артады. Мектеп бағдарламаларымен қатар, ЖОО студенттерінің домбыра үйірмелерінің бағдарламаларына домбыра үйретудің сандық тәсілі қосылса, жақсы болар еді. Сандық тәсілдің біздің болашақ жастарымыз үшін де пайдасы зор екенін нық сеніммен айта аламын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нәжімеденов Ж. «Домбыра үйренгің келе ме?» Алматы «Аманат-ТТ» 2005
2. Сахарбаева К. «Домбыра үйрету әдістері» Алматы 2009
3. Нәжімеденов Ж. «Домбыра ойнау оңай ма?» Өнер баспасы Алматы 2013

ӨОЖ 775.65

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДАҒЫ КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Аханов Азамат Төкенұлы,

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақала бүгінгі күні өзекті болып отырған, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың өзектілігіне, ағымдағы жағдайға шолу жасауға және Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласын дамыту перспективаларын анықтауға, осы сала үшін білікті, жан-жақты мамандар даярлау мәселелеріне арналған. Мақаланың негізгі мақсаты – қазіргі қоғам өміріндегі дене шынықтыру мен спорттың рөлі, дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау мәселелері.

Түйін сөздер: денсаулық, дене шынықтыру және спорт, салауатты өмір салты, дене шынықтыру мамандарын даярлау.

Аннотация

Актуальность и цель. Данная статья посвящена актуальной на сегодняшний день теме развития физической культуры и спорта в Республике Казахстан, обзору текущей ситуации и определению перспектив развития отрасли физической культуры и спорта в Республике Казахстан, вопросам подготовки квалифицированных, всесторонних специалистов для этой сферы. Основная цель статьи – роль физической культуры и спорта в жизни современного общества, проблемы подготовки специалистов по физической культуре и спорту.

Ключевые слова: здоровье, физическая культура и спорт, здоровый образ жизни, подготовка специалистов по физической культуре.

Abstract

Relevance and goal. This article is devoted to the current relevance of the development of physical culture and sports in the Republic of Kazakhstan, the review of the current situation and the definition of prospects for the development of the branch of physical culture and sports in the Republic of Kazakhstan, the training of qualified, comprehensive specialists for this field. The main purpose of the article is the role of physical culture and sports in the life of modern society, the problems of training specialists in physical culture and sports.

Keywords: health, physical culture and sports, healthy lifestyle, training of specialists in physical culture.

Педагогикалық білім беру Қазақстанның білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі заманғы қазақстандық білім берудің маңызды проблемаларының бірі – жас мамандарды даярлау сапасына қатысты мәселе.